



160023, Шымкент к. Nursultan Nazarbaev даңғылы, 10  
сыйметтік: 8(7252) 24-74-64, 24-75-50,  
БСН 180740018776

160023, г. Шымкент, проспект Nursultan Nazarbaev, 10  
Тел: 8(7252) 24-74-64, 24-75-50  
БИН 180740018776

19.11.2019 № 30-03-06/1039

2019 жылғы 13 қарашадағы  
№ F-1102 хатқа

191129

**MediaNet компаниясының  
factcheck.kz сайтының**

**бас редакторы**

**Д.Д. Смақовқа**

050040г Алматы қаласы

Тимирязев көшесі, 15 Б,

2-қабат, 9, 10 кеңсе

8 777 426 23 53

Шымкент қаласының әкімдігі, 2015 жылғы 16 қарашадағы Қазақстан Республикасының «Ақпаратқа қол жеткізу туралы» Заңының 11-бабына сәйкес, сауалға қатысты келесіні хабарлайды.

**1-сауал:** Шымкент қаласында, қоғамдық және жол қауіпсіздігін қамтамасыз ету бағытында 21 интеллектуалды қиылыс, 479 бейнебақылау камералар жұмыс істейді. Жол қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша – 116, қоғамдық қауіпсіздік қамтамасыз ету бойынша – 29 камера орнатылды.

2018 жылдың 29 тамызында Шымкент қаласының әкімдігі, Шымкент қаласының полиция департаменті және «Көркем телеком» ЖШС арасында жасалған үш жақты меморандум аясында «Сергек» аппараттық бағдарламалық кешен 29 желілік учаскесінде орнатылды.

**2-сауал:** Шымкент қаласы маслихатының 2019 жылдың 29 наурыздағы №47/369-6с шешіміне сәйкес 2019 жылдың шілде тамыз айларында бір реттік әлеуметтік көмек жан басына шаққандағы отбасының табысы 2 АЕК-тен (5050 теңге) аспаған жағдайда, отбасына 40 АЕК (101 000 теңге) әлеуметтік көмек төленеді делінген. Осы жоғарыда аталған көмекті алу үшін 1379 отбасыдан құжат қабылданып 1060 отбасыға 101 000 теңгеден бір реттік әлеуметтік көмек төленгенін мәлімдейді.

**3-сауал:** Бүгінгі таңда Шымкент қаласында ID карта жобасын енгізу әлеуеттік өнім берушілердің ұсыныстарын қарастырылуда.

**4-сауал:** Шымкент қаласы, Бозарық-1,2,3 саяжайында 2017 жылы газ жүйелерінің құрылыс жұмыстары жүргізіліп, «ҚазТрансГазАймақ» АҚ Оңтүстік Қазақстан Өндірістік Филиалына пайдалануға тапсырылған. Жұмыс жобасы бойынша 2996 тұрғын үй ГРПШ (ГазоРегуляторный Пункт Шкафной)

6,10 орнатылды. Осы орнатылған ГРПШ6,10 және тартылған газ құбырларына табиғи газ қосылды. Аталған саяжайда шамамен 11,3 мың адам тұрады.

Сондай-ақ, Ынтымақ-2 ш/а 2017 жылы газ жүйелерінің құрылыс жұмыстары жүргізіліп, «ҚазТрансГазАймақ» акционерлік қоғамы Оңтүстік Қазақстан Өндірістік Филиалына пайдалануға тапсырылған. Жұмыс жобасы бойынша 1108 тұрғын үйге ГРПШ (ГазоРегуляторный Пункт Шкафной) 6,10 орнатылды. Осы орнатылған ГРПШ (ГазоРегуляторный Пункт Шкафной) 6,10 және тартылған газ құбырларына табиғи газ қосылды. Аталған шағын ауданында шамамен 4,34 мың адам тұрады.

Осыған орай, ішкі үйлік жүйесін кіргізу жұмыстарын Бозарық-1,2,3 саяжайында және «Ынтымақ-2» шағын ауданның тұрғындары «ҚазТрансГазАймақ» Шымкент өндірістік филиалын техникалық шарттар алып өз есебінен және табиғи газ жүргізетін лицензиясы бар тұлғамен келісім-шарт жасап, жүргізу қажет екендігін хабарлайды.

**Басқарма басшысының м.у.а.**



**А. Оспанов**

✉: Ж.Акилбаева

☎: 8(7252) 24 75 48

